

8D07103 - «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға ұсынылған «Ароматты және пиридинкарбон қышқылдарының жаңа биоактивті туындыларын әзірлеу» тақырыбындағы Мендибаева Анель Жанатовнаның диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Мендибаева Анель Жанатовна «Қарағанды индустриялық университетінде» 8D07103 - «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша докторантурада оқуын 2025 жылдың 31 желтоқсанда аяқтады. Диссертация тақырыбы: «Ароматты және пиридинкарбон қышқылдарының жаңа биоактивті туындыларын әзірлеу». Тақырыптың өзектілігі күмән тудырмайды, себебі болашақта фармакологияда және медицинада қолданысқа ене алатын гидразонды фрагменттері бар, биологиялық тұрғыдан белсенді болып табылатын жаңа қосылыстар синтезделген.

Докторантурада оқу барысында Мендибаева А.Ж. органикалық химия технологиясы саласында, атап айтқанда нәзік органикалық синтез технологиялары ғылыми бағытында жақсы базалық терең білім көрсетті. Ол докторлық диссертацияны орындау барысында ғылыми даярлығы жоғары, зерттеу үдерісін өз бетінше ұйымдастыра алатын әрі аналитикалық ойлау қабілеті қалыптасқан ізденуші ретінде көрсете білді. Докторант Мендибаева А.Ж. кең көлемді теориялық және эксперименттік зерттеулер жүргізді, гидразидті фрагменттері бар жаңа гидразондар, тиосемикарбазидтер, азидтер, тұйықдекстринді комплекстер және басқа да жаңа қосылыстарды синтездеп, оларды ары қарай модификациялау жолдарын зерттеді. Эксперименттік деректерді жинау, өңдеу және интерпретациялау барысында заманауи ғылыми талаптарға сай статистикалық (классикалық) әдістерді тиімді қолданды. Ізденуші жаңадан синтездеп алынған заттардың құрылымдарын анықтайтын қазіргі заманғы ИҚ-, ЯМР ^1H , ^{13}C , рентген құрылымды талдау, масс-спектрометрия, элементтік анализ әдістемелерін қолдануды толық меңгеріп, оларды жаңа заттардың құрылысын анықтауда тиімді қолдана білді.

Докторант зерттеу жұмысы барысында ғылыми әдебиеттер мен нормативтік-құқықтық құжаттарды жүйелі түрде зерделеп, отандық және шетелдік дереккөздерге салыстырмалы талдау жүргізу қабілетін танытты. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелерін ғылыми мақалалар, кестелер, графиктер және иллюстрациялық материалдар түрінде талапқа сай рәсімдеп, оларды ғылыми тұрғыдан дәйекті негіздей білді. Ізденушінің зерттеу жұмысы барысында 66 жаңа қосылыс синтезделіп, олардың ішінде 11 қосылыстың әр түрлі биологиялық белсенділікке ие екендігі анықталды. Олардың ішінен вирустарға қарсы айқын биоактивтілік көрсеткіші бар жаңа органикалық қосылыс табылып, оның құрылымы мен қасиеттері жан-жақты зерттелді. Сонымен қатар, фармакологияда қолданылатын бета-тұйықдекстринмен осы

жана белсенді заттың суда еритін кешенін алудың (шартты атауы «Гинказон» препаратының) зертханалық регламенті әзірленді.

А.Ж. Мендибаеваның зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша 22 ғылыми еңбек жарияланған, оның ішінде Қазақстан Республикасының пайдалы модельге берілген 2 патенті, 1 монография, 6 мақала Scopus және Web of Science халықаралық дерекқорларында индекстелетін (Q2-Q4) ғылыми журналдарда, 4 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету Комитеті ұсынған басылымдарда жарияланған. Сонымен бірге докторант зерттеу нәтижелері бойынша 9 халықаралық және республикалық ғылыми конференцияларға қатысты.

Ізденуші, Мендибаева А.Ж. өзіне жүктелген ғылыми тапсырмаларды белгіленген мерзімде және жоғары жауапкершілікпен орындап, ғылыми жетекшінің ескертулері мен ұсыныстарын уақтылы ескеріп отырды. Ол ғылыми пікірталастарға белсенді қатысып, зерттеу нәтижелерін дәлелді түрде қорғап, ғылыми негізделген қорытындылар жасай алатын білікті зерттеуші ретінде қалыптасты. Сонымен қатар, докторант еңбекқорлығымен, өзіне қоятын жоғары талаптарымен, критикалық ойлау қабілетімен, ғылыми-зерттеу жұмыстарын іске асыру барысында мұқияттылығымен ерекшеленеді.

Жалпы алғанда, Мендибаева А.Ж. дербес ғылыми зерттеу жүргізуге толық қабілетті, органикалық химия саласында терең білімі бар және философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға толық лайық маман екенін көрсете білді. Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін Мендибаева Анельдің «Ароматты және пиридинкарбон қышқылдарының жаңа биоактивті туындыларын әзірлеу» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысы аяқталған және ғылыми-нәтижелері жоғары жұмыс болып табылады.

PhD докторант Мендибаева Анель Жанатовнаның 8D07103 - «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға ұсынылған «Ароматты және пиридинкарбон қышқылдарының жаңа биоактивті туындыларын әзірлеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы жоғары талаптарға сәйкес келеді, ал автордың өзі философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты.

«Қарағанды индустриялық университеті» КеАК
ХТЖЭ кафедрасының меңгерушісі,
х.ғ.к., профессор

Кабиева С.К.

Кабиева С.К.

ҚарИУ ХТЖЭ кафедрасының меңгерушісі, х.ғ.к., профессор С.К. Кабиеванын қолын растаймын.

Қарағанды индустриялық университетінің
Ғылым хатшысы, э.ғ.к.



О.В. Силаева